

Егін жинау науқанын өткізу үшін жанармай-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 шілде N 1062

Егін жинау науқанын өткізу кезінде жанармай-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мәселесінде қалыптасқан жағдайға байланысты және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен жаңалау тәртібімен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тәртіптемесіне сәйкес облыстар бойынша 5000 (бес мың) тонна көлемінде бензин, 10000 (он мың) тонна көлемінде дизельдік отын шығарылуын;

2) жоғарыда көрсетілген жанармай-жағармай материалдары көлемінің 2000

жылғы 30 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервіне жеткізілімін және қойылуын қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

